

Н. Кенжехан, 1-курс

Ғылыми жетекшісі: Ж. С. Рамазанова, журналистика кафедрасының доценті, филология ғылымдарының кандидаты

(Е. А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті)

СӨЙЛЕУДІҢ НЕГІЗГІ САПАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Радионың құдіреті құйқылжыған әуенмен көмкерілген сардар сөз болса, оны құйын соғып өткендей шашыратып, шатпақтамай қыздың жиған жүгіндей етіп әуе толқыны арқылы тыңдарманға тарту ету үлкен қабілеттілікті, саналы дайындық пен толағай тәжірибені қажет етеді.

Тыңдарман талғамын қанағаттандыратын бірнеше аспекті бар. Соның ең бастысы сөйленген сөздің салмағы, тіл мәдениеті. Сөйленген әрбір сөзді таразылайтын тыңдарманның алдында негізсіз жалған сөйлеп, оралымды тіркес таппай орағытып айтамын деп «орға құлап» жүрсең, сүттей ұйып отырған тыңдаушының сеніміне сызат түсіресің. Орынды айтылған сөз орнына қағылған шеге сияқты. Сондықтан микрофонның мысы басып, психологиялық ахуалың адымыңды аштырмай жатса да, барлығын бір демде басыңнан сілкіп тастап тікелей эфирдің жағымды ахуалын қалыптастыруға кіріскенің жөн.

Тіл қарым-қатынас құралы болып қалыптасқаннан бері адамдар сөйлеседі, пікірлеседі, ой бөліседі. Сол арқылы бірде қуанышқа кенеліп, бақытқа бөленсе, енді бірде қапаланып, қасірет шегеді, кейде жанышталған жан дүниесін сергітіп жігерленеді. Мұның бәрі радионың табиғатына тән құбылыстар. Радио қарым-қатынас құралы ретінде адамдар арасындағы байланысты өте жетік меңгерген. Сондықтан да радионың тілі сөйлеу тілі болып табылады. Радио тілінің лингвистикалық негізі ретінде ауызекі тілдің стилистикасы қызмет етуі тиіс. «Еркін ауызша баяндаудың барысында біздің шығармашылық қабілетіміз көрінеді, дауыстап оқылған мәтінді көз алдымызға елестете отырып түсініп қабылдай аламыз. Мейлі, ол тіпті өзіміздің айтқан ойларымыз болса да. Ал дауыстап оқу — бұл таза байланыс жасау, жазбадағы әрекетсіз әсері аз ойлардың жандануы. Егер дауыстап оқуға ұқыпты дайындалмаса, әдетте, оқып беруші берілген ойды және оның тілдік көрнекілігін толық игере алмау мүмкін»¹. Ендеше жазба тілді де, ауызекі тілді де радиоға сол қалпында көшіре салуға әсте де болмайды.

Ауызекі сөйлеу тілі — сөйлеу мүшелерінің қозғалысымен айтылады және есту мүшелері арқылы қабылданады. Ауызекі тілді іске асыратын сөйлеу қызметі сөйлеушінің көңіл-күйін, күш-қуатын, ерік-жігерін, мінез-құлқын аңғартатын дауыстың табиғатымен тығыз байланысты. «Дауыстың мағыналық бояуы көп. Сөйлеу тілінде олар бірде бейнелі көріністер болып тізілсе, енді бірде сезімтал, сыршыл көңіл-күй болып сипатталады, кейде тіпті сөйлеу-

шінің еркінен тыс ерекше ренге боялуы да ғажап емес. Сөйлеу кезіндегі интонация, тыныс алу, кідіріс жасау әрекеті де сөзден еш кем түспейтін рөл атқара алады»². Жалпы, дауыс — акустикалық өлшем. Ал дауыстың дыбысы энергияның яғни, күш-қуаттың бір түрі болып табылады. Сөйлеушінің дұрыс қойылған дауысы тыңдарманға дыбысталған сөздің барлық мағыналық бояуын жеткізуге мүмкіндік береді, дыбыстық ақпаратты қабылдауды жеңілдететін көңіл-күй ахуалын қалыптастырады, оның толыққанды мазмұнын түсінуге жағдай жасайды. Дауыстың шығуы, яғни дауыстап сөйлеу — өте күрделі, көп әрекетті үдеріс.

Кәсіби дауысқа тән негізгі сапалық белгілері мыналар:

1. Дауыстың динамикалық диапазоны (дыбыстың жеткілікті дәрежедегі күші);
2. Дыбыстың тасымалдануы (жеке-жеке тыңдаушыға дейін жететіндігі).
3. Дауыс ырғағындағы икемділік, шапшаңдық (сөйлеушінің ойын толыққанды мағынасында жеткізуге мүмкіндік беретін дыбыстық қарқын).
4. Дауыстың шарықтауы (оның басқа көмекші дыбыстар мен шулардың арасынан айрықша естілуі).
5. Дауыстың төзімділігі.

Сөздің журналистикада алар орны ерекше. Мәселен, сөздің ақпараттық сипатын айтар болсақ, «Сөз — ақпарат сақтаушы тілдік бірлік; Сөз — ақпарат жеткізу және тарату құралы; Сөз — ақпарат алу құралы; Сөз — ақпарат алмасу құралы»³, деген тұжырымға келуге болады. Ендеше журналист сөзбен жұмыс істегенде аса абай болуы тиіс. Телевизияда журналистің сөйлеу барысында кеткен қателіктерін бейненің әсерлілігі жуып-шайып кетуі мүмкін. Алайда радиода басты құрал дыбыс болғандықтан, жүргізушінің әр сөзі тыңдарманға анық естіліп, кеткен қателіктер саналарында жаңғырып тұрары сөзсіз.

Сөздің әсер ету күші, сөздің әсерлі әрі бейнелі шығуы үшін журналист дауыстың күшіне емес, оқу мақамының (интонация) деңгейіне (жоғарылату немесе төмендету), екпіндердің дұрыс қойылуына, тыныс алудың реттілігіне көңіл қоюы керек. Дауыс күшімен әсер етем деу қате, бұл жағдайда қажетті көңіл күй туғызу қиын болмақ, бұл тәжірибеде дәлелденген қағида.

Журналистің сөз өнерін меңгерудегі негізге алатын басты қағидаларының бірі — Бөлтiрiк шешеннiң: «Сөзiндi тiлiңе билетпе, ақылыңа билет» деген нақылы болуы тиiс. Журналистер айтар сөзiн ақылмен сайлап алып, жүрек қалауымен тiл қатып, «тiлiне ұят сiңген» жандардың қатарынан орын алса, нағыз абырой мен беделге қол жеткiзедi.

Ойымызды түйiндер болсақ, радиожурналистерге қажеттi басты қабiлеттiң бiрi — шешен тiлмен жүйелi сөйлей бiлу. Себебi неғұрлым шешен, көркем сөйлесе, соғұрлым радиобаар да шұрайлы, тартымды болмақ. Шешен журналистiң сөзi әрдайым құлаққа жағымды, көкейге қонымды. Сондықтан да халықтың санасына зор ықпал ете алады.

¹ *Омашев Н.* Радиожурналистика: Оқулық. — Алматы, 2005. 18-б.

² Көрсетілген жұмыс. 62-б.

³ *Әбдіжәділқызы Ж.* Тағы да тіл мәдениеті туралы // Журналист. — 2005. — № 3 — 29-б.